

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Дмитриев ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 5 шілдедегі № 8 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 шілдеде № 4831 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Дмитриев ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 01 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Дмитриев ауылдық округі әкімінің 23.01.2019 № 01 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Тимирязев ауданының бас мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық инспекторының 2018 жылғы 14 маусымдағы № 15-12/100 ұсынуы негізінде, Дмитриев ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Дмитриев ауылдық округінің Дмитриевка ауылында "Керей" шаруа қожалығының аумағында ірі кара мал арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Т. Есләмов